




АУЫЛ

ЖАҢАЛЫҒЫ

Сельская новь



Газет 1940 жылдан шыға бастады

№ 47 (8310) Сәрсенбі 13 мамыр 2015 жыл

Байзақ аудандық газеті
Байзакская районная газета

ҰЛЫ ЖЕҢІС-ҰРПАҚҚА АМАНАТ

Г. ӘБДІҚҰЛОВА,
“АУЫЛ ЖАҢАЛЫҒЫ”.

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ АДАМЗАТ ТАРИХЫНДА ӨШПЕСТЕЙ ІЗ ҚАЛДЫРДЫ. СОЛ КИЯНКЕСКІ ШАЙҚАСТА ҚАҒАРМАНДЫҚТЫҢ ҮЛГІСІН КӨРСЕТКЕН КЕШЕГІ ЖІГІТТЕР, БҮГІНГІ, ӨНЕГЕЛІ ДЕ ҚАЗЫНАЛЫ АТАЛАРЫМЫЗДЫҢ АРҚАСЫНДА СОҒЫС ЖЕҢІСПЕН АЯҚТАЛДЫ.

9 мамыр күні аудан орталығында жұртшылық әдеттегіден көп болды. Омырауларын ордендер мен медальдар көмкерген соғыс ардагерлері, жеңістің негізін өз еңбектерімен қалаған ақжаулықты аналарымыз, тыл еңбеккерлері, аудан басшылары “Қайғылы ана” ескерткішінің маңына жиналды.

Жиналғандар алдында Байзақ ауданы қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің бастығы, подполковник Қ.Бошай Отанымыздың бостандығы мен азаттығы үшін қолына қару алып, шайқасқан қазақстандық жауынгерлердің ерен ерліктеріне тоқталып, көпшілікті ұлы Жеңіспен құттықтады. Соғыс ардагері, Байзақ ауданының Құрметті азаматы Сауытбек Рыспаев бүгінгі жеңістің



Елі мен жері үшін қан майданда жанқиярлықпен күрескен майдангерлер мен тыл еңбеккерлерін, аудан жұртшылығын аудан әкімі Мұратхан Жүнісәліұлы Шүкеев құттықтады.

теңдессіз ерлігімен көзге түсіп, қаза тапқан соң оған Кеңес Одағының Батыры атағы берілгендігін, жалпы 500-ден астам қазақстандық Кеңес Одағының Батыры атанғандығын, соғыс жылдарында бүкіл халқымыз тыл жұмысына жұмылып, Жеңіске өзіндік үлес қосқандығын тілге тиек етті. Бүгінгі таңда өліміздің алдында тұрған асқаралы міндеттерді іске асырудың маңызына тоқтала келе жұртшылықты Ұлы Жеңістің 70 жылдығымен құттықтап, игі тілегін білдірді.

Салтанатты жиыннан соң театрландырылған қойылымдарға кезек берілді. Қазақстанның 40 жылдығы мектебінің ұжымы Ұлы Отан соғысы басталғанға дейінгі бейбіт кезеңді, соғыс

басталған кезде ер-азаматтарды майданға шығарып салып жатқан ел-жұртпен, жерлесіміз Ақәділ мен Айтайдың соңғы қоштасу сәтін, ал “Ұлтымыздың мақтанышы Бауыржан Момышұлының Мәскеуді қорғау кезіндегі өшпес ерлігін” әл-Фараби атындағы мәдениет үйінің әртістері әдемі етіп жеткізе білді. “Жеңіс!” атты қойылымда соғыс жылдарында қазақ жеріне қоныс аударған сан ұлт өкілдерін бауырына басқан қазақ халқының қонақжайлылығы, тыл еңбеккерлерінің майданға қосқан үлесі, Жеңіс кезіндегі көп-көсір қуанышты Ю.Гагарин атындағы мектептің ұжымы мен оқушылары нанымды етіп өрнектеді. Қойылымдарды тамашалаған ардагерлер өздерінің балаусадай жауынгер күйінде майданға аттанып, жаумен шайқасқандарын, Жеңіс мерекесін қарсы алғандарын ойға алып, көздеріне жас алған-ды. Ұлы Жеңісті әспеттеген жиында жас ұрпақ өкілдері ардагерлерге гүл шоқтарын табыстап, олардың ерліктеріне тағзым етті.

Мерекені одан әрі әрлендіріп, сән берген әл-Фараби атындағы мәдениет үйінің күміс көмей әншілері болды. Әншілер А.Исабаев пен Ө.Нұрбаев жергілікті сазгер Қ.Нарбатырдың “Тағзым” әнін нақышына келтіріп шырқады. Н.Орынов «Қазақстан», М.Көпешов “Жас қазақ” әндерін шырқап, жиналған жұртшылықтың ризашылығына бөленді.

Мерейлі мереке “Бағлан” мейрамханасында жалғасын тапты. Соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлерінің құрметіне жайылған дастархан басында аудан басшысы М. Шүкеев, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Р. Шәметов сөз сөйлеп, Жеңістің маңызын сөз етті.

Еліміздің жарқын болашағын, жас ұрпақтың өмірін, халықтың бақыты мен қуанышын сақтап қалған Ұлы Отан соғысы майдангерлері мен тыл еңбеккерлері “Нұр Отан” партиясының ұйытқы болуымен “Ұлы Отан соғысына қазақстандықтардың қосқан өлшеусіз еңбектері туралы” фильмді тамашалап, өткен-кеткенді еске алысты. Ол жерде олардың көңілін аудандық әл-Фараби атындағы мәдениет үйінің әртістері көтерді. Салтанатты шарада қарт сарбаздар мен тылда ерен еңбек үлгісін көрсеткендерге сый-сияпат көрсетілді.

Мерекелік басқосуда соғыс ардагерлері Р.Мамыралиев, еңбек ардагері Г.Мүлдіевалар өздеріне көрсетілген құрметке алғыстарын айтып, баталарын берді. Германиядан арнайы келген бурылдық соғыс ардагері



жетпіс жылдық мерекесіне жеткеніне, қазіргі ұрпақтың білімді де білікті, нағыз патриот болып өсіп келе жатқандығына куә болып отырғандығын айтып, осы күнге шүкіршілік білдірді.

Бұдан соң жиналғандар ескерткішке алқызыл гүл шоқтарын қойып, халқымыздың азаттығы жолында мерт болған боздақтар рухына тағзым етті, бір минут үнсіздікпен еске алды. Әскери бөлім сарбаздары ұрыс даласынан оралмаған жауынгерлер рухына арнап аспанға қарудан үш рет оқ атты.

Мұнан кейін аудан басшысы бастаған топ саябақтағы Кеңестер Одағының Батыры Ақәділ Суханбаевтың ескерткішіне гүл дәстелерін қойды.

Жеңісті ұлықтаған шара орталық алаңда жалғасты. Алғашқы әскери дайындық пәнінің ұстаздары мен жоғары сынып оқушылары сап түзей жүріп, әскери әндерді шырқады. Ішкі істер бөлімі мен аудан аумағындағы әскери бөлімнің арнайы көліктері, “жедел жәрдем” көлігі шеруге көрік берді.

Аудан басшысы Отанын қорғап, қан майданда қасық қаны қалғанша жаумен айқасқан кешегі жауынгерлердің айбынды ерлігін, халқымыздың даңқын арттырған “Халық қаһарманы” Бауыржан Момышұлы, 28 панфиловшылардың ерлігі, Рейхстагқа



ту тіккен Рақымжан Қошқарбаев, хас батыр Қасым Қайсенов, Кеңес Одағының екі мәрте Батыры Талғат Бигелдинов, шығыстың қос шынары Мәншүк пен Әлияның ерліктерін, 1941 - 1945 жылдары ауданнан 3237 ер - азамат қолына қару алып, ұрыс даласына аттанғанын, жерлесіміз Ақәділ Суханбаев Польша жерінде жасаған



Ұлы Жеңістің 70 жылдығына арналған шара барысында аудандық білім ошақтарында дәріс беретін алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімдеріне “Кеңес Одағының екі мәрте Батыры Т. Бигелдинов атындағы” медаль тапсырылды.

Иван Григорьевич Дужинскийдің қызы Татьяна аудан орталығында өткен Жеңіс шеруінен үлкен әсер алғандығын, тәуелсіз елімізде майдангерлерге жасалып жатқан қамқорлықтарға ризашылығын білдірді.

ЕҢБЕГІМЕН ЕЛДІҢ ҚҰРМЕТІНЕ БӨЛЕНГЕН



ҚЫСҚАША ӨМІРДЕРЕК:

РАҚЫШ (РАХЫМБЕРДИ) АЛҒАЗЫҰЛЫ- бұрынғы Әулие ата уезі, Көшеней болысы №35 ауылда шаруа баққан әкесі Алғазы мен шешесі Теңгенің отбасында дүниеге келген.

Қарапайым шаруаның отбасынан шыққан ол өке тәрбиесінің арқасында шаруасына мығым, еңбекқор болып өскен. Әкесінің кәсібі арқасында Рақыш қала өміріне ерте араласып, күн көріс кәсібін жан-жақты меңгереді.

Ашаршылық басталған жылдары ел ауа көшіп, жан-жаққа кетіп жатқанда бұл әулет Дунгановқа ауылып паналаған. Жер өңдеп, одан өнім алуға әбден машықтанған, дүнген халқының бұл қасиеті Алазай әулетінің ашаршылық жылдары тарықпауына игі әсерін тигізген. Ауыл артель болып ұйымдасқан уылында сауатсыздықты жою (лик без) мектебі ашылып, Рақыш атамыз 1934 жылы осы мектепті бітіріп, құрылған жылдан бастап, белсене еңбек етіп келе жатқан жігіт ауыл басшыларының назарына тез танып, ауылында МТС ашылып, осы мекемеге ауыл жастары көптеп тартылады.

Осы мекемеде алғашқы топ арасында Рақыш Алағзүлді да болып, механизатор мамандығын алып шығады. Рақыш осы курсты оқып жүріп, техниканы жөндеу, жер өңдеу жұмыстарына араласып, маманданады. 1938 жылы жазда МТС басшылығы оны Жамбыл қаласындағы кең профилді механизматорлар училищесіне оқуға жібереді. Оқуды 1939 жылы бітіріп келіп, наикандық жұмыстарда тракторшы әрі комбайнер болып еңбек етеді.

Ұлы Отан соғысы басталғанда ауылдың бетке ұстар белді жігіттері жаппай майданға алынып жатты. Олардың орнын қаусаған қарттар, әйел мен балалар басты. Ауыл шаруашылығындағы жұмысты ақсатпау үшін техника тілін жақсы білетін мамандар аса қажет болғандықтан, Рақыш сияқты маман жігіттердің біразын жоғарғы басшылық бороньмен МТС жұмысына қалдырады.

Ауыр тұрмыстың басында жүріп, елге сүйеніш болуына тура келген Рақыш Алғазұлы 1944 жылы Большевиктер партиясына мүше болып қабылданады. Соғыс аяқталғаннан соң, 1947 жылы Ново-Ивановка МТС-нің бір топ механизаторлары мемлекеттік марапаттарға ұсынылады.

Рақыш Алазұлы ерең еңбектің бел ортасында жүріп, 1953 жылы бір топ еңбеккерлермен бірге Мәскеуге, халық шаруашылығы жетістіктері көрмесіне барып қайтады. 1953-1956 жылдар аралығында аудандық партия комитетінің пленум мүшесі болды. Аудандық атқару комитеті тарапынан Құрмет грамотасына ұсынылып, КСРО Жоғарғы кеңесінің 1957 жылғы 11 қаңтардағы Жарлығы бойынша Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған.

1958 жылы Ново-Ивановка МТС-інің бір топ жұмысшыларымен бірге «Тың жерді игергені үшін» медаліне ұсынылған. Көптеген мемлекеттік марапаттармен қатар, 1972 жылы «Күрметті колхозшы» атағына ие болып, тұрағы үшін ескерткіш тақта орнатылды. Мәдім ар ауылындағы Даңк кешенінде портреті қойылды. Ауылдағы бір көшеге есімі берілді.

М.Манекеев,
«Ауыл жаңалығы».

Ағымдағы жылдың 6-7 мамыры күндері аудан жұртшылығы кезінде ауыл шаруашылығын өркендетуге зор үлес қосқан еңбек ардагері, алғашқы механизатор Рақыш Алғазыұлының 100 жылдық мерейтойын кенінен атап өтті. Алғашқы механизатор аллеясының ашылу салтанатына Мәдімар ауылының халқы және аудан жұртшылығы өкілдері қатысты. Байырғы диханның 100 жылдық еске алу жиынын өткізуге аудан басшылығы мен ауылдық округ әкімшілігі тиісті іс-шаралар жасады.

Нәтижесінде Мәдімар ауылындағы ауылдық клуб пен Ш.Уәлиханов атындағы орта мектебінің спорт алаңында әртүрлі спорттық іс-шаралар ұйымдастырылды. Алдымен 6 мамыр күні, бастап айтқанда, ауылдық клубта данағой қариялар байқауы, 120 келі тартатын қошқар көтеруден палуандар бәсекесі, орта жастағы ерлер мен әйелдер күресі, көшеаралық арқан тартысы және қырық жастан асқан ерлер арасында волейболдан аймақтық жарыс өткізілді.

Ал, еске алу жиынының ресми кезеңі, 7 мамырда алғашқы механизматор аллесаының салтанатты ашылуы рәсіміне уласып, Р.Алғазыұлының 100 жылдығына арналған митинг түрінде аталып өтті. Аллея лентасын аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы, ауданның Құрметті азаматы Рәш Шәмәтұлы, Рақыш ата ұрпақтары Дүйсен Рақышев пен Мұрат Алғазиевтер қиды. Ауыл имамы Аманкелді Әлімқұлов құран бағыштаған соң, ауылдық ақсақалдар кеңесінің белді мүшесі, еңбегімен ел құрметіне бөленген Рақыш атамыз жайлы «Өнегелі өмір» атты жарыққа шыққан кітаптың авторы, еңбек ардагері Асан Әлмақашұлы мерейтой иесі туралы кеңінен баяндама жасады. Екі күндік іс-шараның облысқа танымал еңбек ардагері, пуган қайраткері Нілзия Рақышқызының және туратын туыс-бауырының тікелей мұрындық болуымен ұйымдастырылып жатқанын тілге тиек еткен Асан Әлмақашұлы Рақыш атамның өнегесі толы өмір жолына тоқталды.

Алғашқы құттықтау сөз аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Рәш Шәметұлына берілді.

Рәш Шәмәтұлы, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы, ауданның Құрметті азаматы:

**М.Шалғынбай,
«Ауыл жаңалығы».**

Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 70 жылдығына орай, аудан аумағында көптеген іс-шаралар жүргізіліп, айтулы мереке кең көлемде аталып өтілді. Сондай шаралардың бірі Көтөркек ауылдық округінде болып өтті. Кеңес ауылында Ұлы Жеңістің 70 жылдығы мерекесі күні, қай майданнан елге аман-есен оралып, бейбітшілік әлемінде еңбек еткен, ауылдың әл-ауқатының дамуына сүбелі үлестерін қосқан (марқұм) жерлестерге арналған «Елшім ұмытылған емес, ештеңе ұмытылмайды» атты монументтік ескерткіш тартқаны салтанатты ашылу рәсімі өткізілді.

Ауыл әкімі Берікбай Рысқұлдың құттықтау сөзімен ашылған салтанатты шараға ескерткіш тақтаға есімдері жазылған майдангер аталардың ұрпақтары қатысты.

– Осы ауылдың ақсақалдары өздеріне бейбіт өмір сыйлаған әкелер рухына арнап ескерткіш тақта ашу туралы



Свердлов (Байзақ) аудандық партия комитетіне нұсқаушы болып келгеннен кейін араласты, сыйластым, өмір жолыноағы көптеген игілікті істердің куәсі болдым. Жақсы адамдардың атағы, дәрежесі халыққа сіңірген еңбегімен қоса, артына қалдырған ұрағымен, сол ұрағының әке атын биік дәрежеге көтере білген еңбегімен де өлшенсе керек. Рақшы ағамыз бен Жаңыл жеңемізден үш үл, бес қыз өріп, олардың ұлағатты өмірлерін жалғастырып жатыр. Рақшы Алазыұлының өмір жолы біздің ағамызға, кейінгі ұрпаққа үлгі боларлықтай маңызға ие екені анық. Сондықтан, бұл кісінің жүзін өткен өмір жолымен насихаттай беру бізге қажет дүние деп ойлаймын.

Рәш ақсақал Рақыш Алғазыұлымен таныстығы басталған сонау 1957 жылды еске алып, оның кезінде ауданымызды өркендетуге елеулі үлес қосқанын, Ынтымақ колхозында еңбек жолын қатардағы колхозшы болып бастап, кейін тракторист-комбайнер мамандығымен нәтижелі еңбек еткенін, механизатор болып жемісті еңбек етіп, зор табыстарға жеткенін, оның бүкіл болмысы кейінгі жас ұрпаққа үлгі екенін айтса, құда-жежқаттары атынан сөз алған құдасы, белгілі журналист, жазушы Әділ Дүйсенбек өзінін жүрекжарды жылы лебізін жеткізді.

Мұнан соң, Ынтымак ауылдық округі ардагерлер кеңесінің мүшесі Кеңес Нурдинның оның еңегелі өмір жолы туралы жиынға қатысқан барша қауымға ғибратты әңгімелер айтса, Рақыш ата ұрпақтарының атқан Байзақ және Мойынқұм ауданының Күрметті азаматы Нилзия Рақышевалар сөз алып, әкесімен өткен күндерге шолу жасап, барша жиын қатысушыларына алғыс сезімін білдірді. Салтанатты шара



барысында мектеп өнерпаздары өздерінің шағын концерттік бағдарламасын ұсынды. Балалардың кіршіксіз жүрегінен шыққан әндер қалың көпшілікті шаттыққа бөледі. Әсіресе, Бексұлтан Ұласов әуелете салған әні, мектеп мұғалімі Ернар Баймамырдың мөнерлеп оқыған өлеңі, «Көгершін» би тобының мың бұралған биі көпшіліктің жүрегіне жол тапты.

Жиын соңында қонақасы таратылып, спорттық іс-шаралардың жеңімпаздары Рақыш ата ұрпақтары тағайындаған ақшалай және заттай сыйлықтармен марапатталды. Қонақасында Рақыш ата туралы ақ тілегін білдірген ақсақалдар мен ардақты аналар аз болған жоқ. Бірақ, сыйып келгенде бәрінің де сөзі бір арнада тоғысты. Бәрі де Рақыш Алғазұлының адамгершілігі мен азаматтығы туралы ағынан жарыла сөз сөйледі.

Осылайша, Мәдімар ауылының халқы мен аудан жұртшылық өкілдері қарапайым еңбек адамы Рақыш Алғазұлының 100 жылдық еске алу жиынын есте қаларлықтай тағлымды да ғибратты етіп атап өтті.



ЕРЛЕР ЕСІМІ ЕЛ ЕСІНДЕ



бастама көтерiп,
ауылдастар колдап,
мiне, сол бiткен iстiң
куәсi болып тұрмыз.
Iс басында жүрген
әрбiр азамат өз туған
ауылына иненiң
жасуындай болса
да жақсылық жасап
жатса, нұр үстiне
нұр,- дедi өз сөзiнде
ауыл әкiмi.

Жалпы осы ауылдан кешегі өткен сұрапыл соғысқа 207 азамат аттанып, оның 114-іне туған жердің топырағы бұйырмаса, 93-і елге аман оралған. Ардақты аталар бір минут үнсіздікпен еске алынып, ауыл имамы Есіркепбай бағия марқұмдардың әруақтарына қарғыштап құран оқыды.



тактаны ашу құрметін ауыл әкімі Б.Рысқұл, ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Б.Ермағанбетов, еңбек ардагері П.Күсемісовтер жасап, ескерткішке гүл шоқтарын қойды. Қара мәрмәр тақтаға алтын

Аталмыш шарада қан майданнан аман келіп, бейбіт өмірде қайтыс

болған ардагерлердің ұрпақтары, аудандық ардагерлер кеңесі атынан оның мүшесі С.Ермеков және ауыл ардагерлері ретімен сөз алып, жиылған жұртты мерекелерімен құттықтап, жылы тілектерін арнады.

Сонымен қатар, шара кезінде бірқатар еңбек ардагерлеріне құрмет көрсетіліп, ақшалай сыйлықтар тапсырылды. Мереке барысында «Ақ әжелер» тобы мен Кеңес орта мектебінің өнерпаз оқушылары әсем ән, тәтті күйлерін, билерін қонақтарға тарту етті.

Шара соңында ас беріліп, футбол, тоғыз құмалақ, волейбол, арқан тарту, көкпар сынды спорттық ойындарға ұласты, жеңімпаздар марапаттарға ие болды.

Барша ауылдастарды шексіз қуанышка кенелткен ескерткіш тақта ел тарихының бір парағы болып қалатынын, оны кейінгі ұрпақ көздің қарашығындай сақтап, күтіп-баптап ұстайтындықтарына сенім білдіріп тастасты жұрт.

ЕҢБЕК АРДАГЕРЛЕРІ БАҚ СЫНАСТЫ

М. Көбеева,
аудандық әл-Фараби атындағы мәдениет үйінің
әдістемелік бөлімінің меңгерушісі.

Ұлы Жеңісті жақындатуда майданда да, тылда да жанқиярлықпен күреске түскендердің барлығын құрмет тұтамыз. Әсіресе, еліміздің бостандығы мен тәуелсіздігі үшін қолына қару алған ер-азаматтар, бүгінде арамызда жүрген ардагерлер - соғыстан кейінгі күйреген экономиканы қалпына келтіруде қажырлылық танытты. Ерлік пен батыллықтың өлшеусіз үлгісін көрсеткен соғыс ардагерлерінің бойына күш-қуат берген соғыс жылдарындағы патриоттық өндер мен ақын жырларын насихаттау мақсатында аудандық әл-Фараби атындағы мәдениет үйінің ұйытқы болуымен «Қайран ерлер, Қаһарман ардагерлер!» атты аудандық байқау өткерілді.

Өнер сайысына 18 ауылдық округтен 16 ардагер қатысты. Байқаудың ашылу салтанатында аудандық соғыс және еңбек ардагерлер кеңесінің төрағасы Р.Шәметов сөз сөйлеп, Жеңіс күнімен құттықтай отырып, үміткерлерге сәт-сапар тіледі.

Өнер додасына қатысқан ардагерлер соғыс жылдарындағы өндер мен сол жылдардағы немесе соғысқа арналған ақын өлеңдерін жатқа оқудан сынға түсті.



қатысқан Жеңіс Қазыбаев ақсақал имеденді. Екі үшінші орынды Суханбаев ауылдық округінен қатысқан Дина Жанпейсова мен ынтымақтық Баян Медеуова өзара бөлісті. Ынталандыру жүлделеріне сарыкемерлік Орынқұл Кенжебекова, түймекенттік Күнтуған Ақназаров, бұрылдық Қуандық Абилов ие болды.

Жүлдегерлер арнайы дипломдармен марапатталып, бағалы сыйлықтар тапсырылды. Сондай-ақ барлық қатысушыларға Алғыс хаттар беріліп, ескерткіш ретінде сый – сыяпаттар табыс етілді.

УЧИМ ДОБРОВОЛЬЦЕВ БОРЬБЕ С ОГНЁМ

Ж.Танабаев,
старший инженер ОЧС Байзакского района.

Впервые в нашем районе были проведены занятия с добровольными противопожарными формированиями Байзакского района по 40 часовой программе подготовки, утвержденной приказом от 27 мая 2014 года «Об утверждении учебной программы первоначальной подготовки добровольных пожарных».

Целью их было обучение правилам тушения степных пожаров, а также в населённых пунктах, в которых не созданы государственные учреждения пожаротушения.

Школой профессиональной подготовки ГУ «Служба пожаротушения и аварийно-спасательных работ» департамента по ЧС Жамбылской области



для проведения занятий были привлечены наиболее опытные сотрудники Байзакского районного отдела по ЧС, Пожарной части №8, врачи-травматологи Байзакской центральной районной больницы. Руководили занятиями начальник школы профессиональной подготовки, полковник п/п службы А.Абсатов и старший преподаватель школы, подполковник п/п службы С.Булекбаев.

В ходе занятий до слушателей была доведена информация по различной тематике, такой как: нормативно-правовая база в области пожарной безопасности, пожарно-техническая подготовка, пожарно-спасательная подготовка, пожарно-тактическая подготовка, пожарно-профилактическая подготовка, психологическая подготовка, оказание доврачебной помощи пострадавшим на пожаре, техника безопасности при тушении пожаров.

Практические занятия проводились с привлечением личного состава, пожарной техники и пожарно-технического вооружения Пожарной части № 8 по охране Байзакского района. Всего в занятиях приняли участие 136 человек.

Спорт жаңалықтары



Еркін күрес балуандары белдесті

Ұлы Жеңістің 70 жылдығының құрметіне Сарыкемер ауылындағы Ж.Үшкемпіров атындағы №1 балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің ұйытқы болуымен Жетібай ауылындағы Жамбыл орта мектебінде Ұлы Отан соғысының ардагері Рахымжан Мамырәлиевтің жұлдісіне арналған еркін күрестен ашық біріншілік болып өтті. Оған ауданымыздағы ауылдық округтерден 2000-2001, 2002-2004, 2005-2007 жылдары туылған жүзге тарта жасөспірім қатысты.

Іс-шараның ашылу салтанатында сөз сөйлеген аудан әкімдігі дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Ә.Омаров, Жетібай ауылының әкімі С.Медеубеков, Жамбыл орта мектебінің директоры Р.Жұмасевалар жұртшылықты Жеңістің 70 жылдығымен құттықтаса, ҰОС ардагері, қазыналы қария Р.Мамырәлиев Елбасы бастап, ауыл ағайындарының жасап жатқан қамқорлықтарына дән риза екендігін айтып жеткізді.

Спорттық шарада «Акку» би тобы өнер көрсетсе, еркін күрес балуандары белдескен доданың жүлделі I орынын Ж.Үшкемпіров атындағы №1 БЖСМ-нің тәрбиеленушілері 35 кг салмақтағы жетібайлық А.Өтеғұлов, 27 кг салмақтағы І.Тунатаровтар жеңіп алды. Осы және өзге де жеңімпаздарға жарысты ұйымдастырушылар тарапынан Дипломдар мен сый-сияпаттар табыс етілді. Осы аталған жарысқа оқушыларды аз уақыт ішінде баптан-дайындаған еркін күрес бөлімінің жаттықтырушысы Жомарт Келгенбаев.

А.Суханбаев атындағы турнир мәресіне жетті

Ер есімі ел есінде. Әсіресе, небәрі 24 жасында Отанын қорғауға аттанған, Беллоруссия, Литва, Польшаны азат етуге атсалысқан және «Стежельдовизна» деп аталатын поляк деревнясы үшін болған ұрыста А.Матросовтың өшпес ерлігін қайталаған, жерлесіміз А.Суханбаевтың ерлігін кейінгі ұрпақ үлгі-өнеге тұтады.

Міне, сол себепті де батыр туып-өскен өлке жұрты жыл сайын түрлі іс-шаралар ұйымдастыруды дәстүрге айналдырып келеді. 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні және Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орайластырылып өткерілген Кенес Одағының батыры А.Суханбаев атындағы турнир өз мәресіне жетті.

Аудандық «Жастар орталығы» КММ-нің демеушілігі негізінде және Суханбаев ауылдық округі «Жастар орталығының» нұсқаушысы Дастан Абишевтің мұрындық болуымен Жақсар ауылында өткізілген дүбірлі жарыста футбол, волейбол және арқан тарту сынды спорт түрлерінен ойын көркі қызды.

Нәтижесінде футбол ойыны бойынша жүлделі I орынды алаң иелері «Суханбаев» құрама командасы жеңіп алса, II, III орындар Жамбыл ауданынан келген Аса, байзактық Бурыл командаларына тиесілі деп танылды. Ал, волейболдан I орынды Жуалы ауданының «Б.Момышұлы» командасы қанжығасына байласа, II, III орындарды Сарыкемер, Мәдімар ауылының ойыншылары місе тұтты.

Ұлттық спорт түрі – арқан тартудан да «Суханбаев» командасы алғы шептен көрінді. Қарасу, Сарыкемер ауылының ойыншылары өзара II, III орындарды бөлісті.

Сонымен, Кеңес Одағының батыры Ақәділ Суханбаев атындағы турнирдің бас кубогі «Суханбаев» құрама командасының жаттықтырушысы Дастан Қуанышбаевқа табысталды. Жеңімпаздарға және «Үздік төреші», «Үздік ойыншы» номинацияларының иегерлеріне «Жастар орталығының» атынан бағалы сыйлықтар үлестірілді.

Марапаттау рәсімінде сөз сөйлеген Суханбаев ауылдық округінің әкімі М.Өзбек, ауылдық ақсақалдар алқасының төрағасының орынбасары Б.Байтелиевтер баршаны мерейлі мерекелермен құттықтап, спорттың адам денсаулығына тигізетін ықпалы жөнінде әңгімеледі.

Іс-шара соңында ауыл әкімшілігінің ұйымдастыруымен Жеңістің 70 жылдығына орай арнайы дастархан жайылып, одан үлкен-кіші дәм татты.

Өз тілшіміз.

Жеңіс мерекесі ұлықталды

Өткен аптаның сенбісінде Дихан ауылдық округінде 9-мамыр Ұлы Жеңістің 70 жылдығы мерекесіне арналған салтанатты жиын өтті.

Жиынға тыл ардагерлері, ауыл ақсақалдары, қонақтар қатысты. Шара Ленин атындағы мектептің әскери дайындық пәнінің мұғалімі Қ. Ауғанбаевтың басшылығымен жарығы сынып оқушылары сапта жүріп ән айтудан басталды. «Ер есімі-ел есінде» атты ескерткіш маңына жиналған ауыл тұрғындары алдында ауыл имамы Әбдіқұл қажы Ұлы Отан соғысында қаза тапқан боздақтарға құран бағыштады. Ескерткішке гүл шоқтары қойылып, бір минут үнсіздікпен еске алды. Ауыл

әкімі О. Ақылбаев пен ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қ.Бейсенбеков, еңбек ардагері Д.Дүбіралиев жиналғандарды айтулы мерекемен құттықтап, жүрекжарды лебіздерін білдірді.

Мәдениет үйінің меңгерушісі М.Мамырәлиеваның ұйытқы болуымен «Отты жылдар шежіресі» атты іс-шара өткерілді. Жүргізушілер Н.Үсенов пен Ж.Ахметова Ұлы Отан соғысының тарихына шолу жасай отырып, белгілі ақындардың жырларын төгілтіп оқыды. В.И.Ленин атындағы орта мектебі ұжымының орындауында соғыс жылдарындағы өндер шырықалды. «Отты жылдар шежіресі» атты көрініс көрсетілді. Әсіресе,

«Еркетай» балалар бақшасының ұжымы сахналаған «Бәрі де жеңіс үшін» қойылымы көпшілік көңілінен шықты. «Балауса» би үйірмесінің орындауында «Шаттық», «Өзбек» билерімен С.Левчуктің домбырамен орындаған «Асыл әжем», «Ана жүрегі», Н.Үсеновтың шырқаған «Катюша», «Қазақстан», жас әншілер Шахзада мен Ханзада Орынбаевалар әуелете салған «Ариайдай», «Бұлқынды жүрек» әндері мереке ажарын келтірді.

Көпшілікке арналып жайылған дастархан басына жиналған тыл еңбеккерлері өздеріне көрсетілген қошеметке алғыстарын жеткізіп жатты.

Өз тілшіміз.

«ЭТОТ ПРАЗДНИК СО СЛЕЗАМИ НА ГЛАЗАХ...»

Р.Ясарова,
судья специализированного межрайонного
экономического суда Жамбылской области.

День Победы – это праздник победы Советской Армии и советского народа над нацистской Германией в Великой Отечественной войне 1941-1945 годов. Перед лицом фашистской агрессии людям пришлось отказаться от личного счастья, чтобы мы с вами и наши дети, внуки и правнуки жили свободно и счастливо, чтобы мы могли выбирать сами свой собственный путь. И вот ради того, чтобы это всё произошло, миллионы наших отцов и дедов отдали свои жизни на фронте.

Матери и бабушки трудились в тылу, работали, не

покладая рук. Они подарили нам всем мирное небо, спокойную дорогу в будущую счастливую жизнь. Этот великий праздник для многих стран Европы и Азии, один из самых важных, трогательных и славных.

В этой войне погибло очень много людей, и сейчас участников войны становится всё меньше и меньше. С каждым годом всё меньше людей, которые просто помнят войну, участвовали в боевых действиях работали в тылу. Всё меньше остаётся в живых людей, которые провожали на фронт своих близких и не дождалась их победного возвращения домой.

Но память о подвиге известных и безымянных героев войны продолжает жить в сердцах тех, кто никогда не знал её ужасов и страданий.

ЭТИХ ДНЕЙ НЕ СМОЛКНЕТ СЛАВА

В эти майские дни ветераны войны, труженики тыла, которых сегодня среди нас остаётся всё меньше, окружены вниманием родных и близких, местных властей. Их приглашают на торжественные мероприятия, им дарят цветы, подарки, желают здоровья и долгих лет жизни.

Накануне Дня Победы в Костобинском сельском округе чествовали ветеранов войны, тружеников тыла.

В селе Талас у Обелиска Славы павшим воинам было организовано торжественное мероприятие, посвящённое 70-летию Великой Победы. Накануне территория памятника была благоустроена, здесь было высажено множество цветов, саженьцев деревьев.

Для справки: Из Костобинского сельского округа в годы войны на фронт ушло 230 человек, 132 из них погибли смертью храбрых, имена которых увековечены на Обелиске Славы павшим воинам.

На сегодняшний день в округе не осталось ни одного ветерана войны, но есть ещё 23 труженика тыла, которые тоже внесли свой вклад в Победу над фашистской Германией, которые своим трудом приближали День Победы.

Открыл торжественный митинг аким Костобинского сельского округа Т.Есенкулов. Он сказал: - Годы берут своё, с горечью сознаём, что участников войны и тружеников тыла становится всё меньше и меньше. Тем важнее такие встречи для самих свидетелей и участников истории и представителей подрастающего поколения. Победа ковалась не только на фронте, но и в тылу. И сегодня мы собрались, чтобы

чествовать наших тружеников тыла, а также почтить память погибших воинов и тех ветеранов, которые не дожили до этой знаменательной даты. Всем им сегодня под восемьдесят лет. Одни были моложе, другие старше, но все они ещё были детьми, на плечи которых легли тяготы военных лет. Сердечно поздравляю всех с Великим



праздником. Низкий поклон за труд и терпение.

Затем программу торжественного митинга продолжила церемония награждения тыловиков медалями к 70-летию Победы и денежного вознаграждения в размере 40 тысяч тенге. Это труженики фронта А.Данаев, В.Польстер, К.Кардач, М.Мамытбеков, М.Гаирбеков, Д.Фазлиев, Т.Островерхова, В.Сидоренко и многие другие.

В этот праздничный день именно им, славным героическим труженикам тыла, были адресованы тёплые искренние слова любви, благодарности, признательности и пожелания здоровья. И каждый, рассказывая о своей жизни,

вспоминал те лихие годы, ведь у каждого из них кто-то ушёл на фронт и не вернулся, кто-то пропал без вести, и о тех немногих, кто дожил до Победы и вернулся в родное село.

- У меня воевали три брата, - говорит В.Сидоренко, которая в годы войны работала в свеклосовхозе, - вернулся живым только один. А мы в основном,

вспоминал те лихие годы, ведь у каждого из них кто-то ушёл на фронт и не вернулся, кто-то пропал без вести, и о тех немногих, кто дожил до Победы и вернулся в родное село.

- У меня воевали три брата, - говорит В.Сидоренко, которая в годы войны работала в свеклосовхозе, - вернулся живым только один. А мы в основном,

вспоминал те лихие годы, ведь у каждого из них кто-то ушёл на фронт и не вернулся, кто-то пропал без вести, и о тех немногих, кто дожил до Победы и вернулся в родное село.

Светлым радостным подарком стал концерт, подготовленный учащимися средних школ имени Гоголя и Костобе и воспитанниками детских садов «Жансая» и «Гульсим». Дети от души пели, танцевали, декламировали стихи. Звучали легендарные песни и многие лет.

В завершение участники митинга почтили минутой молчания погибших в Великой Отечественной войне и возложили цветы к Обелиску Славы павшим воинам, к «вечному огню».

Наш корр.

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ БАЙЗАК АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ «БАЙЗАК СУ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК КӘСІПОРНЫ ДИРЕКТОРЫНЫҢ БОС ТҮРҒАН ЛАУАЗЫМЫНА КОНКУРС ЖАРИЯЛАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

Байзақ ауданы әкімінің аппараты Жамбыл облысы Байзақ ауданы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Байзақ су» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны директорының (1 бірлік) бос тұрған лауазымына конкурс жариялайды

Кәсіпорынның атауы: Жамбыл облысы Байзақ ауданы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Байзақ су» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны.

Орналасқан жері: 080100, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылы, Суханбаев көшесі 257 үй.

Кәсіпорын қызметінің негізгі бағыты: - ауданның инфрақұрылымын сумен, жылумен және энергиямен қамтамасыз ету;

- жылу және су құбырларына, энерго жүйелеріне техникалық қызмет көрсету, оларды ағымдағы күрделі жөндеулерден өткізу;

- кәсіпорындарға, мекемелерге, ұйымдарға және тұрғындарға тиісті су, жылу құбырларын және электр жүйе жабдықтарын пайдалануда қызмет көрсету.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білімі - жоғары кәсіптік (техникалық, қаржы - экономикалық); мамандығы - техникалық, қаржы - экономикалық; жұмыс тәжірибесі - мамандығы бойынша экономика саласы кәсіпорнының бейініне сәйкес басшы

лауазымдарда кемінде 5 жыл жұмыс өтілінің болуы; **кәсіби біліктілігі** - Қазақстан Республикасының Конституциясын, Бюджеттік кодексын, Салық кодексын Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексын (Жалпы және Ерекше бөлімдер), Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», «Мемлекеттік құпиялар туралы», осы кәсіпорынның қызметі саласындағы қатынастарды реттейтін нормативтік-құқықтық актілерді білуі.

Конкурс Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 18 қарашадағы «Мемлекеттік кәсіпорынның басшысын тағайындау және аттестаттау, сондай-ақ, оның кандидатурасын келісу қағидаларын бекіту туралы» №1353 Қаулысы негізінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар осы хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында («Ауыл жаңалығы» - «Сельская новь») жарияланған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылы, Байзақ батыр көшесі, 107 үй, 20 кабинет; Тел.: 8(726-37) 2-28-11, 8(726-37) 2-25-26, факс: 8(726-37) 2-17-54, электрондық почта: baizak_akimat@mail.ru.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлға конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде Комиссияға мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) конкурсқа қатысу туралы өтініш;
- 2) мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме;
- 3) еркін нысанда жазылған өмірбаян;
- 4) білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
- 5) еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі не соңғы жұмыс орнынан жұмысқа қабылданғаны және еңбек шартының тоқтатылғаны туралы бұйрықтардың көшірмелері;
- 6) денсаулығы туралы белгіленген нысандағы анықтама.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс стажына, кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, бұрынғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар туралы құжаттардың көшірмелері және т.с.) беруге болады.

Конкурстың өтетін күні - 2015 жылдың 25 мамыры.

Конкурстың өтетін орны: Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылы, Байзақ батыр көшесі, 107 үй (2-қабат, 3 кабинет).

Конкурсқа жіберілген үміткерлер Қазақстан Республикасы Үкіметімен белгіленген тәртіпте әңгімелесуден өтеді.

Осы бос лауазымға орналасқан тұлға үшін көтерме шығындар төленбейді, тұрғын үй және өзге де жеңілдіктер берілмейді.

ОБЪЯВЛЕНИЕ О КОНКУРСЕ НА ЗАНЯТИЕ ВАКАНТНОЙ ДОЛЖНОСТИ ДИРЕКТОРА КОММУНАЛЬНОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО ПРЕДПРИЯТИЯ НА ПРАВЕ ХОЗЯЙСТВЕННОГО ВЕДЕНИЯ «БАЙЗАК СУ» АКИМАТА БАЙЗАКСКОГО РАЙОНА ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ

Аппарат акима Байзакского района объявляет конкурс на занятие вакантной должности директора коммунального государственного предприятия на праве хозяйственного ведения «Байзақ су» акимата Байзакского района Жамбылской области (1 единица).

Наименование предприятия: коммунальное государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Байзақ су» акимата Байзакского района Жамбылской области.

Место нахождения: 080100, Республика Казахстан, Жамбылская область, Байзакский район, село Сарыкемер, улица Суханбаева, 257.

Основное направление деятельности предприятия:

- обеспечение энерго, водо, теплоснабжением района;
- техобслуживание, текущий и капитальный ремонт теплотрассов, водопроводов и энергопроводов района;
- оказание технических услуг организациям, предприятиям, учреждениям и гражданам по пользованию теплотрассов, водопроводом и электропроводом.

Требования к участникам конкурса: образование - высшее профессиональное (техническое, финансово - экономическое); **специальность** - техническая, финансово - экономическая; **опыт работы** - не менее пяти лет стажа работы на руководящих должностях по специальности;

соответствующей профилю предприятия; **профессиональная квалификация** - знание Конституции Республики Казахстан, Бюджетного кодекса, Налогового кодекса, Трудового кодекса, Гражданского кодекса Республики Казахстан (Общая и Особенная части), законов Республики Казахстан «О борьбе с коррупцией», «О государственном имуществе», «О государственных секретах», нормативных правовых актов Республики Казахстан, регулирующих отношения в сфере деятельности данного предприятия.

Конкурс проводится в соответствии с постановлением Правительства Республики Казахстан № 1353 «Об утверждении Правил назначения и аттестации руководителей государственного предприятия, а также согласования его кандидатуры» от 18 ноября 2011 года.

Документы, необходимые для участия в конкурсе, принимаются в течение 15 календарных дней после публикации данного объявления в средствах массовой информации («Ауыл жаңалығы» - «Сельская новь») по адресу: Жамбылская область, Байзакский район, село Сарыкемер, улица Байзақ батыра, 107; каб. 20; тел.: 8(726 37) 2-28-11, 8(726 37) 2-25-26; факс: 8(726 37) 2-17-54; электронная почта: baizak_aki-mat@mail.ru.

Лицо, изъявившее желание принять участие в конкурсе, представляет комиссии следующие документы в сроки, указанные в объявлении:

- 1) заявление об участии в конкурсе;
- 2) резюме на государственном и русском языках;
- 3) автобиографию, изложенную в произвольной форме;
- 4) копии документов об образовании;
- 5) копию трудовой книжки (при её наличии) или трудового договора, либо выписки из приказов о приёме и прекращении трудового договора с последнего места работы;
- 6) справку о состоянии здоровья по установленной форме.

Участник конкурса может представить дополнительную информацию, касающуюся его образования, стажа работы, уровня профессиональной подготовки (копии документов о повышении квалификации, присвоении учёных степеней и званий, научных публикаций, а также рекомендаций от руководства с предыдущего места работы и т.п.).

Дата проведения конкурса - 25 мая 2015 года.

Место проведения конкурса: Республика Казахстан, Жамбылская область, Байзакский район, село Сарыкемер, улица Байзақ батыра, 107 (2-й этаж, 3-й кабинет).

Кандидаты, допущенные к конкурсу, проходят собеседование в порядке, установленном Правительством Республики Казахстан.

Лицу, занявшему данную должность, подьянные расходы не оплачиваются, жильё и другие льготы не предоставляются.

«Жыл оқушысы-2015» байқауы КӨШБАСШЫ ОҚУШЫЛАР АНЫҚТАЛДЫ

Б. Жақсымбетов, “Ауыл жаңалығы”.

Жақында Сарыкемер орта мектебінде аудан деңгейіндегі көшбасшы оқушыларды байқау кеші болып өтті. Кешті аудан әкімінің

оқушылардың ішкі ұмтылысын қолдау барысында аудандық білім мекемелерінен қатысқан зерек оқушылар өзара білімдерін сарапқа салды.

Байқау нәтижесінде бас жүлдені Пірімқұлова Әсем (Сарыкемер орта



орынбасары С.Кенжебаев ашып, бүгінгі таңда елімізде өсіп келе жатқан өскелең ұрпаққа жасалып жатқан қамқорлықтарды айта келіп, білімді де білікті азамат-ел тірегі екендігін сөз етті. Бұдан соң «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының директоры Ғ.Сыдықбаева, «Назарбаев Зияткерлік мектебінің» директоры А.Байтұков, аудан әкімдігі білім бөлімінің басшысы З.Дузенова сөз сөйледі.

Ауданымызда тұңғыш рет ұйымдастырылып отырған «Жыл оқушысы-2015» байқауы ертеңгі өз білімін өмірімен байланыстыра алатын, жауапкершілігі жоғары, жігерлі, өз Отанының игілігі мен дамуы үшін білім алып, қызмет ететін көшбасшы

мектебінің 10-сынып оқушысы) жеңіп алды.

Екі бірдей I-орынды Есимов Нарбек (Жамбыл орта мектебінің 8-сынып оқушысы), Жанұзақ Мәди (Сарыкемер орта мектебінің 6-сынып оқушысы) иемденді. II-орынды Мусанова Нуризат пен (Абай орта мектебінің 9-сынып оқушы) Ян Карина (Ғ.Мұратбаев атындағы мектеп гимназиясының 7-сынып оқушысы), ал, III-орынды Балпанқұл Бекасыл (Түймекент орта мектебінің 7-сынып оқушысы), IV-орынды Турсынова Аружан (Абай орта мектебінің 9-сынып оқушысы) қанжығасына байлады.

Барлық жеңімпаздарға құрмет көрсетілді.

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ АЗАМАТТАРҒА ҚЫЗМЕТ - БАСТЫ МІНДЕТ

Қ.Мухаев, ХҚКО-ның Байзақ аудандық бөлімінің инспекторы.

Елбасының “Қазақстан жолы -2050: Бір болашақ, бір мүдде, бір мақсат” атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында мүмкіндігі шектеулі азаматтарға жанды қамқорлық көрсету жайы айтылған болатын.

Осыған байланысты қазіргі таңда 1,2 санаттағы мүгедектігі бар тұлғалар немесе өз күшімен орталықтарға қатынай алмайтын азаматтар, ҮОС ардагерлері ХҚКО арқылы ұсынылатын барлық мемлекеттік қызмет түрлеріне үйінен шықпай-ақ тапсырыс бере алады. Ал, өз бетімен келуге мүмкіндігі жоқ мүгедек азаматтар мемлекеттік қызмет алу мақсатында бірінші байланыс орталығына “1414” телефон нөмірі арқылы қоңырау шалып, өзінің деректерін хабарлап, қызмет алу үшін қажетті құжаттардың тізбесін біліп, өтініш қалдыруларына болады.

Тапсырыс түсісімен өтінім 10 минут ішінде тіркеліп, тапсырыс берушінің аты -жөні, уақыты, мемлекеттік қызмет түрі жазылады, әрі тапсырыс берушіге қажетті құжаттардың тізімі ескертіледі. 72 сағат ішінде ХҚКО мобилді тобы үйде өтінішті қабылдау үшін өтініш берушінің тұрғылықты мекен -жайына барып мемлекеттік қызмет түрлері бойынша кеңес беріп, құжаттарын қабылдап, дайын құжатты уақытылы жеткізетін болады. Сонымен қоса барлық халыққа қызмет көрсету орталықтарында мүмкіндігі шектеулі азаматтарды қабылдау үшін қажетті жағдайлар жасалып отыр.

Мәселен ХҚКО-ның ғимараттарының кіреберісінде арнайы шақыру батырмасы орналасқан. Оны басу арқылы мүмкіндігі шектеулі азаматтар ХҚКО қызметкерлері тарапынан ғимаратқа кіруге көмек алады.

Ал, егер 1,2 топтағы мүгедектердің электрондық цифрлық қолтаңбасы болған жағдайда және де үйде интернет болса электронды үкімет порталы арқылы көптеген қызмет түрлерін пайдалануға мүмкіндіктері бар. Мысалға айтар болсақ мекен-жай анықтамасын орталыққа келмей-ақ үйінде рәсімдеуге және де сол сияқты көптеген қызмет түрлерін электронды портал арқылы жүзеге асыруға болады.

ХАБАРЛАНДЫРУЛАР

Т-147-05-47.Открылось наследство после смерти **Кривошеева Николая Ивановича**, умершего 30 декабря 1997 года, на день смерти проживавшего по адресу: Жамбылская область, Байзакский район, ст. Талас, ул. Таласская, 28.

Наследникам в течение месяца, после публикации объявления, обращаться в нотариальную контору по адресу: Жамбылская область, Байзакский район, с. Сарыкемер, ул. Медеулова, 33 “а”, к нотариусу З.Назарбековой.

Т-148-05-47. Открылось наследство после смерти **Ким Филиппа**, умершего 29 апреля 2015 года, на день смерти проживавшего по адресу: Жамбылская область, Байзакский район, с. Сарыкемер, ул. Конаева, 180.

Наследникам в течение месяца, после публикации объявления, обращаться в нотариальную контору по адресу: Жамбылская область, Байзакский район, с. Сарыкемер, ул. Смаилова, 1 “а”, к нотариусу Г.Мудуаровой.

Т-149-05-47. Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылы, Дидарбеков көшесі №7 үй, I пәтердің иесі **Ибадуллаев Жалғастың** атына берілген жылжымайтын мүлікті жария етуге байланысты рақымшылық жасау туралы №6722 (22.03.2007 жыл) шешімнің жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Т-150-05-47. Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Суханбаев ауылы, “Көкөзек” учаскесі, Абдуалиев көшесі №15 үйдін тұрғындары болған **Уристенбеков Райханның** 2013 жылдың 27 мамыры және **Уристенбеков Аманбектің** 2013 жылдың 18 шілдесі күні қайтыс болуларына байланысты **мұрагерлік ісі** жарияланып отыр.

Талапкерлер осы хабарландыру жарияланғаннан кейін, бір ай мерзім ішінде, Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылы, 3 бұрылас, Орынқұлов көшесі №92 үйде орналасқан нотариалдық кеңсе қызметкері А.Асырауоваға жолығулары керек.

ЖЕҢІСКЕ арналды

Жақында балалар кітапханасы қызметкерлерінің ұйымдастыруымен балалар мен жасөспірімдер орталығында “Мәңгі өшпес ерлік” атты әдеби-әуенді кеш өтті. Балалар кітапханасының әдіскері Р.Чингиспаева Ұлы Жеңістің маңызы туралы айтып берді. Аудандық балалар мен жасөспірімдер орталығының “Көркем оқу” үйірмесінің жетекшісі Ш.Мухамбетова Ұлы Отан соғысындағы қазақстандықтардың ерлігі туралы әңгімеледі. “Көркем оқу”, «Жас қалам» атты үйірменің оқушылары З.Токарева, Е.Орманов, Р.Сарманбек, А.Муратова халқымыздың жеңіс жолындағы ерен еңбектері, жеңіс туралы өлеңдерді мәнерлеп жатқа оқыды.

Іс-шара өткізу барысында «Отты жылдар жаңғырығы» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, оқырмандар назарына ұсынылды.

ЖҮЛДЕМЕН оралды

Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай, Алматы қаласында өткен «Ерлігі-елге мұра» атты республикалық байқауға аудандық балалар мен жасөспірімдер орталығының 4-сынып оқушысы Зейнеп Токарева қатысып, «Жауынгер қабиірінің басында» атты өлеңді мәнерлеп оқығаны үшін бас жүлдені иемдеуіп қайтты. 6-сынып оқушысы Ернарзат Орманов ақын М.Мақатаевтың «1941 жыл. Ақпан» атты өлеңін, 5-сынып оқушысы Рахат Сарманбек ақын Сырбай Мауленовтың «Тында, дүние тыныштық үшін» атты өлеңін, 6-сынып оқушысы Аяжан Мұратов «Әке сағынышы» атты монолонын мәнерлеп оқығаны үшін бірінші орынды иеленіп, ауданымыздың намысын қорғап қайтты.

Жеңімпаздар арнайы сыйлықтармен марапатталды. Өз тілшіміз.

ҰЛЫ ЖЕҢІС - жүрегімізге

А.Қылыбаева, «Балапан» балабақшасының әдіскері.

Осындай тақырыппен «Балапан» балабақшасында мерекелік ертенгілік өткерілді. Оны балабақша меңгерушісі Жаркынай Маниева ашып, балаларға жеңістің оңай келмегенін, ол батырлар ерлігінің жемісі екендігін айтып түсіндірді. Ата-апалар еңбегімен қол жеткізген бейбіт өмірде бүлдіршіндердің бақыты құмыр кешуіне тілектестігін білдірді.

Өз кезегінде Анапи Шолпан, Аскар Мейіржан, Ершентай Ердо, Жамаладин Рамазан батырларымыздың ерлігін өлең-тапқақтар арқылы жеткізді. Ал, Ержан Ерасыл, Инжу Шамбилова, Балауса Айтмұхан, Айым Асылбек, Анель Бақытқызы соғыс кезені көрініс тапқан «Батыр Мәншүк» сахналық қойылымын сәтті сомдап көрсетті. Сондай-ақ бүлдіршіндер «Абзал жандар», «Жедел хат» атты түрлі ойындар ойнап, Ұлы Жеңіс туралы әндер айтып, би биледі. Олардың өнерлеріне тәнті болған ата-аналар қоймет көрсетумен қатар, ізгі тілектерін айтты.

Қ Ұ Р Ы Л Т А Й Ш Ы - БАЙЗАК АУДАНЫ ӘКІМДІГІ

Директор - Бас редактор С.Қалмұратов

Кезекші Р.Жақыпбаева

Меншік иесі-
“Байзақ аудандық
“Ауыл жаңалығы” - “Сельская новь”
газетінің редакциясы” жауапкершілігі
шектелуі серіктестігі

Газет Қазақстан Республикасы байланыс және ақпарат агенттігі (11.06.2014 ж.) тіркеліп, № 14388-Г куәлігі берілген.
Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Тараз қаласы, Ташкент көшесі, 36 үй. Қалыбы Жамбыл ЖШС “PRESS SERVICE” баспаханасында жасалып, көбейтілді. **Таралымы 4430 дана.**
Тапсырыс № 52

Газет аптасына екі рет, **сәрсенбі, сенбі** күндері шығады.
Редакция авторлардың көзқарасы мен оқырман хаттарына жауап бермейді.
Жарнама мен хабарландырудың мәтініне жарнама беруші жауапты.

Ⓐ - материалдың жариялану ақысы төленген.

Мекен-жайымыз:
Индекс 080100.
Жамбыл облысы,
Байзақ ауданы,
Сарыкемер ауылы,
М.Х.Дулати көшесі,
10 “а” үй.



Директор-Бас редактор: 2-28-60.
Хаттар бөлімі, тілшілер: 2-12-37.
Есеп бөлімі, жауапты хатшы: 2-15-70.
Газет сайты: www.auil-zhanaligi.kz
Эл.почта: ayil@mail.ru